

**Торайғыров университетінің «Foundation» факультеті
дайындық бөлімі туралы ақпарат**

Басталу тарихы	«Foundation» факультетінде 2014 жылы Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ азаматтары мен шетелдік азаматтарға арналған дайындық бөлімі ашылды (ҚР БҒМ 18.09.2014 ж. №383 бұйрығы)
Басшылық	Факультет деканы – педагогика ғылымдарының кандидаты, ПМУ профессоры Ксембаева Сауле Камалиденовна
Мақсаты	шетелдік азаматтар мен шетелдік қазақ диаспорасы өкілдерінің талапкерлеріне Қазақстанның жоғары оқу орындарына оқуға түсу үшін ұлттық бірыңғай тестілеу пәндері бойынша сапалы білім беру және елімізде тез бейімделуіне ыңғайлы жағдайлар жасау
Міндеттері	<p>-шетел азаматтарын Қазақстанда өмір сүруге бейімдеу, қазақ тілі мен орыс тілін меңгеруде тереңдетілген дайындық жүргізу;</p> <p>- шетелдік азаматтар мен шетелдік қазақ диаспорасы өкілдерінің университеттің оқу-тәрбие үдерісіне табысты бейімделуіне жағдай жасау</p>
Жылдар бойынша көрсеткіші	<p>2014-2015 оқу жылына 50 тыңдаушы қабылданды. Оқу жылының соңында 47 тыңдаушы кешенді тестілеуден өтті. 29 тыңдаушы (61.7 %) ҚР жоғары оқу орындарына оқуға қабылданды. Оның ішінде мемлекеттік білім беру гранты бойынша – 21 (72.4%), ал ақылы негізде – 8 (27.6%) тыңдаушы.</p> <p>2015-2016 оқу жылына мемлекеттік тапсырыс бойынша 25 тыңдаушы оқуға қабылданды. Кешенді тестілеуге 18 тыңдаушы қатысты. ЖОО мемлекеттік грант иеленген 11(61 %) тыңдаушы.</p> <p>2016-2017 оқу жылына 80 тыңдаушы қабылданды. Оқуды 77 тыңдаушы аяқтады, ал ҰБТ тапсырған балалар саны – 76. ҰБТ нәтижесі бойынша 35 (46 %) тыңдаушы ҚР университеттеріне оқуға қабылданды. Оның ішінде 28 (37%) мемлекеттік грантқа ие болды, 7 (9%) тыңдаушы ақылы оқуға түсті.</p> <p>2017-2018 оқу жылы 80 тыңдаушыны қабылдадық. ҰБТ-ға 66 тыңдаушы қатысып, оның 49 (74%) грант иеленсе, 4 (6%) ақылы түрде оқуға қабылданды.</p>

	<p>2018-2019 оқу жылына мемлекеттік тапсырыс бойынша 77 тыңдаушы оқуға қабылданды. ҰБТ тапсыруға 76 тыңдаушы өтініш білдірді. Нәтижесінде 59 (78 %) тыңдаушы мемлекеттік грант негізінде оқуға түсті.</p> <p>2019-2020 оқу жылына 100 тыңдаушы дайындық бөліміне қабылданды. Оқу жылының қорытындысы бойынша ҰБТ тапсыруға 96 тыңдаушы өтініш берді. 72(75%) тыңдаушы ЖОО студенттері қатарына қабылданды. Оның ішінде 56 (58,3%) тыңдаушы мемлекеттік білім беру грантын иеленді, 16 (16,7 %) ақылы негізде қабылданды.</p>
<p>Оқу үдерісі</p>	<p>Бекітілген оқу жоспарына сәйкес білім беру ҰБТ тапсыру үшін қажетті пәндер бойынша жүргізіледі (Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық және таңдаған болашақ мамандығына байланысты таңдау пәндері), сондай-ақ қосымша қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын, дене тәрбиесі және спорт, акмеология пәндерін оқыту енгізілген. Типтік жоспар негізінде сабақ кестесі бекітіледі. Пәндер бойынша ҰБТ-ға дайындауда жоғары тәжірибелері бар, кәсіби біліктілігі жоғары деңгейлі мұғалімдер тыңдаушылардың білімдерін жетілдіру, толықтыру мақсатында жұмыс жасайды. Акмеология пәнінде тест тапсырмаларымен жүйелі түрде сынама тест алынып, материалды игеру деңгейі анықталып отырады. Тыңдаушылардың оқу үлгеріміне сәйкес журналға (электронды журналға) тиісті бағалары қойылады.</p>
<p>Тәрбие жұмысы</p>	<p>Қазақстанда шетелдік білім алушыларды ортаға бейімдеу бағдарламасына сәйкес Павлодар қаласының көрнекі жерлеріне, мұражайларына экскурсия өткізіледі, тыңдаушылар Ж. Аймауытов атындағы драма театрының рухани жетілу қойылымдарын тамашалайды, факультетішілік, университетішілік түрлі іс-шараларға, мерекелік концерттерге (жыл сайын өтетін тыңдаушылар арасындағы зияткерлік ойын, «Foundation» факультеті түлектерінің құрметіне орай ұйымдастырылатын концерт, тыңдаушылар қатарына қабылдау іс-шарасы, мерекелерге байланысты концерттер), спорттық жарыстарға (университеттер арасындағы волейбол, баскетбол жарысы), С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхана шеңберінде өткізілетін көптеген поэзия кештеріне үзбей қатысып отырады және жүлделі орындарды иеленеді.</p> <p>Тыңдаушыларды акпараттандыру мақсатында «Қазақстан және шет елдегі қазақ жастары» атты конференция, нострификациялауды рәсімдеу ретімен таныстыру мақсатындағы жиын, «Мекендеу және оқу шарттары»</p>

	<p>тақырыбындағы көші-қон полициясы өкілдерімен кездесу ұйымдастырылады.</p> <p>Қалалық сенбіліктерге шығып, қоғам үшін қажетті істерге қатысып отырады.</p> <p>Тыңдаушыларды мамандықтармен таныстыру мақсатында кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізіліп отырады.</p> <p>Каратин жағдайына байланысты бірқатар онлайн іс-шаралар (бейнежазбалар, онлайн ойындар, кездесулер, челленджерді қолдау, сайыстар) жүргізіліп отырады.</p> <p>Барлық іс-шаралар нәтижесі әлеуметтік желіге жарияланып отырады.</p>
<p>Жатақханада тұру жағдайы және медициналық мекемеге тіркеу</p>	<p>Торайғыров университетінің Ғылыми кеңесі даярлық бөлімінің ұлты қазақ шетел тыңдаушыларына Кампустан (жатақхана) тегін орын беру туралы шешім қабылдады. Бұл шешім даярлық бөлімінің барлық тыңдаушыларын тегін жатақханамен қамтамасыз етуіне мүмкіндік берді. Кампус университеттің аумағында орналасқан. Тұруға және оқуға қажетті барлық жағдай жасалған: әр бөлмеде жеке жуынатын орын, электрпеші мен киім қоятын шкаф қарастырылған; үздіксіз ғаламтор байланысы орнатылды, тыңдаушылардың қашықтан оқуын жеңілдету мақсатында компьютер құрылғылармен оқу кабинеттері толығымен жабдықталды. Сонымен қатар, кампуста үнемі санитарлық-гигиеналық шаралар жүргізіледі және медициналық қызметкер кезекшілік атқарып отырады. Факультет әдіскерлері тыңдаушылардың жатақханадағы тәртіптерін және бөлмелерінің тазалықтарын қадағалап отырады.</p> <p>Тыңдаушыларға медициналық көмек ретінде алғашқы келген күннен бастап жоо-дағы медициналық пункттің қызметкерлері жасөспірімдер гигиенасы, ер бала, қыз бала гигиенасы туралы кеңестер беріледі. Тыңдаушылар egov.kz порталы арқылы емханаға тіркеледі және тегін медициналық қызметтер көрсетіледі.</p>













Citius, altius, fortius

ПМПУ - БАРЛЫҚ ЖЕРДЕ
БАҒАЛАНАТЫН БІЛІМ

ПГПУ - ОБРАЗОВАНИЕ, КОТОРОЕ
ЦЕНИТСЯ ПОВСЮДУ





